

**Қосымша білім беру ұйымдарына 100 жыл толуына арналған
облыстық «Музей вернисажы» фестивалінің
ЕРЕЖЕСІ**

I. Жалпы ережелер

1.1. Ереже «Әр білім мекемесінде - музей» акциясы аясында облыстық «Музей вернисажы» фестивалінің (бұдан әрі – фестиваль) өткізілуі мен қаржыландыруын анықтайды.

1.2. Фестивальдің мақсаты: жасөспірімдердің өлкетануға деген қызығушылығын арттыру, мектеп музейін дамыту, патриотизмге тәрбиелеу.

1.3. Фестивальдің міндеттері:

- Батыс Қазақстан өңірінің білім беру мекемелеріндегі белсенді музей ұжымдарын анықтау және бағалау;

- мектеп музейі қызметінің мазмұнымен сапасын және бағыттарын жаңарту.

II. Қатысушылар

2.1. Фестивальға аудандық, қалалық фестивальдің жеңімпаз командалары қатысады. Команда құрамы жалпы білім беретін мектептердің музей белсенділерінен (7-9 сынып оқушылары) жасақталады. Фестивальға мектеп музейлері қатысады.

2.2. Қатысушылар құрамы: 4 (3 қатысушы + бір жетекші)

2.3. Команда жетекшілері қатысушылардың тұратын жерінен облыстық фестиваль өтетін орынға дейінгі жолда, оны өткізу кезінде және тұрғылықты мекеніне қайту жолындағы қауіпсіздігі мен өмірі үшін үшін жауапкершілік алады.

III. Өткізу және дайындау басшылығы

3.1. Облыстық фестиваль II кезеңнен тұрады:

I кезең - аудандық, қалалық - қыркүйек, 2018 жыл;

II кезең - облыстық - 17-19 қазан 2018 жыл;

3.2. Облыстық фестивальге қатысушылар «Евразия» ТСК –де а (Орал қаласы, Лагерная №6) орналасады.

IV. Фестивальдің өткізілу тәртібі

4.1. «Музей маршруты» бейнепрезентациясы байқауы (1 оқушы)

1) «Музей маршруты» бейнепрезентациясын (1 оқушы) ұсынады. Қорғау уақыты 5-7 мин. Бейнепрезентацияда мектеп, білім мекемесінің музейінің оқу - тәрбие үрдісіндегі қызметі, экспозиция көрінісі, жәдігерлердің орналасуын, экспедиция барысында қордың толығын ашып көрсетіліп, музей туралы қысқаша экскурсия жасауы қажет. Байқауға оқушы музейдің дыбысталған бейнефильмін, жинақтама альбомын ұсынады. Бейнефильм уақыты-3 мин, альбом бетінің саны 10-12 бет.

Бағалау шарттары:

№	критерий	Жоғары ұпай 35-40 ұ
1.	Материалдың таңдалған номинацияға сәйкестігі	5
2.	Материалдың техникалық шеберлігі инновациялық әдістемелерді пайдалануы және жаңашылдығы, ерекшелігі	10
3.	Баяндаушылық шеберлігі, жеткізе білуі мен сауатты сөйлеуі	10
4.	Альбомның, бейнепрезентацияның мазмұнының сапасы, безендірілуі	10

4.2. «Бір жәдігер – бір әлем» байқауы (1 оқушы)

Қатысушы мектеп, білім беру мекемесінің музейіндегі ерекше бір жәдігердің тарихымен терең таныстырады (осы жәдігермен байланысты тарихи оқиғалар, т.б.). Жәдігерлердің ғылыми паспорты, алу-тапсыру акты тексеріледі. Қорғау кезінде үлестірілмелі материалдар пайдалануға болады. Мазмұны, көрнекілігі, жеткізу деңгейі бағаланады.

№	критерий	Жоғары ұпай 35-40 ұ
1.	Таңдалған номинацияға сәйкестігі	5
2.	Жәдігердің ерекшелігі, құндылығы	10
3.	Баяндаушылық шеберлігі, жеткізе білуі мен сауатты сөйлеуі	10
4.	Материалдың мазмұны және толық тарихы	5
5.	Ғылыми құжаттарының дұрыс толтырылуы	10

4.3. «Музей» квест ойыны. Ойынға команда түгел қатысады. Ойынның шарты: ойын өтетін музейдің экскурсиясымен танысады. Қатысушылар шығармашылық сұрақтарға жауап беріп, тапсырмаларды орындайды.

Ү. Қабылдау шарты

5.1. Фестиваль қатысушыларында төмендегідей құжаттар болуы тиіс:

- Аудандық (қалалық) білім бөлімінің бұйрығы;
- Аудандық (қалалық) білім бөлімі меңгерушісі бекіткен аудандық кезеңінің хаттамасы;
- Иссапар құжаты;
- Өтініш: команданың аты, оқушының аты-жөні, туған жылы, мектебі, сыныбы, қорғайтын бағыттары көрсетілуі тиіс.
- материалдардың электронды нұсқасын алдын ала жіберу.

ҮІ. Қорытындылау

6.1. «Музей вернисажы» облыстық фестивалінде әрбір бағыт бойынша үш жүлделі орын анықталады. Барлық бағыт бойынша алынған ұпай сандарының қосындысы арқылы «Музей вернисажы» фестивалінің жеңімпазы анықталады.

Фестивальдің материалдарын және өтініштерін 2018 жылдың 10 қазанына дейін алдын ала жіберулеріңіз сұралады. Материалдар орталықтың сайтында «Музей вернисажы» фестивалі бөлімінде орналастырылады.

6.2. Жүлдегерлер диплом, грамоталармен, ақшалай сыйлықтармен марапатталады. Қорытындысы рейтингке енгізіледі.

ҮІІ. Қаржыландыру

7.1. Аудандық, қалалық фестиваль жергілікті білім беру бөлімдері немесе демеушілердің есебінен қаржыландырады.

7.2. Қатысушылардың (жол жүру, тамақтану және тұратын жерін) шығынын жіберген мекеме қамтамасыз етеді.

7.3. Облыстық фестивальді ұйымдастыру және өткізу шығындарын ОБЖТЖЭО-ы жүзеге асырады.

Ұйымдастырушылар фестивалдің өткізу шарттарына өзгеріс енгізуге құқылы.

Координатор: өлкетану бөлімі

Мекен-жайымыз: 090004 БҚО, Орал қаласы, Исатай батыр көшесі 71/1, Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығы

Тел: 8(7112) 52-59-42, факс: 52-58-87, 8 776 900 48 00 Электрондық пошта: E-mail: evrasia_centre@mail.ru